

"Жылжитын мүлік кепілдігін тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы № 14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 66 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 27 ақпанда № 8345 тіркелді

«Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жылжитын мүлік кепілдігін тіркеу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы № 14 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 913 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы»;

бұйрық мынадай редакцияда жазылсын:

«Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулық бекітілсін.».

Жылжитын мүлік кепілдігін тіркеу туралы ереже осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Имашев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 7 а қ п а н д а ғ ы
№ 6 6 б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 2 а қ п а н д а ғ ы
№ 14 бұйрығымен бекітілген

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу бойынша нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулық (одан әрі – Нұсқаулық) «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (одан әрі – Заң) сәйкес жасалды және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тәртібі мен жүргізу рәсімін нақтылайды, заңнамаға сәйкес жылжымалы мүлік кепілінің жекелеген түрлерін тіркеу жүктелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу органдарының Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолдануға жатады.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу - жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне кепіл талаптары бар (кепілді тіркеу туралы өтініш) кепіл туралы шарттағы немесе өзге шарттағы мәліметтерді енгізу жөнінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылардың іс-қимылдары жиынтығын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік беруді және жылжымайтын мүлік орталықтарының Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де іс-қимылдарын білдіретін Жылжымайтын мүлік орталығының жылжымалы мүлік кепілін есепке алу рәсімі;

2) тіркеуші орган (одан әрі – Жылжымайтын мүлік бойынша орталықтары) – жеке және заңды тұлғалардың міндетті мемлекеттік тіркеуіне жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

3) Халыққа қызмет көрсету орталығы (одан әрі – ХҚО) - жеке және (немесе) заңды тұлғаларға «жалғыз терезе» қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және құжаттарды беру жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсетілуін ұйымдастыруды жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорын;

4) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік - тіркеуші орган және (немесе) жылжымайтын мүлік орталықтары өтініш иесіне беретін және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу фактісін растайтын құжат;

5) жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі (кепіл тізілімі) - жылжымайтын мүлік орталықтары жүзеге асыратын ақпаратты есепке алу және сақтау жүйесі;

6) өтініш беруші – ХҚО кепілді тіркеу туралы өтініш беретін адам; кепіл міндеттемесі тараптарының келісімі бойынша кепіл беруші де, кепіл ұстаушы да өтініш беруші болады;

2. Осы Нұсқаулықтың әрекеті міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге, сондай-ақ заңнамалық актілерге сәйкес басқа органдар немесе

өзге тәртіпте тіркейтін жылжымалы мүлік кепілінің жеке түрлерін тіркеуге таралмайды

2. Объектілер және тіркеу орны

3. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі:

- 1) кепіл туралы шарт немесе кепіл туралы шарт қамтылған өзге де шарт тараптарының бірінің талап етуі бойынша;
- 2) егер кепіл туралы шартта немесе кепіл туралы шарт қамтылған өзге де шартта кепілдегі мүлікті кейіннен кепілге салуға (қайталама кепілге) тыйым салынған болса, т і р к е л е д і .

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүліктің кепілін тіркеу:

- 1) егер кепіл беруші заңды тұлға болып табылатын жағдайда, заңды тұлғаның т і р к е л г е н о р н ы б о й ы н ш а ;
- 2) егер жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер немесе резидент емес заңды тұлға кепіл беруші болып табылған жағдайда, салық төлеуші ретінде тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.

3. Тіркеудің негізі мен әдісі

4. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымалы мүлік кепілінің тіркеліміне (соның ішінде компьютерлік базаға) тіркеу кепілі туралы арызынан мәліметтер енгізу ж о л ы м е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

5. Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілгендей, жазбаша арызбен бірге ұсынылған құжаттар жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеуге негіз болады.

4. Тіркеуге ұсынылатын құжаттардың тізбесі оларға қойылатын талаптар, олардың мазмұны

6. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін арызданушы жеке басын куәландыратын құжатты ұсынып, ХҚО арқылы тіркеу органына келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысанда жылжымалы мүлік кепілін тіркеу т у р а л ы ө т і н і ш ;
- 2) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 307-бабының талаптарына сәйкес келетін кепіл туралы шарт немесе кепіл жағдайлары мазмұндалған шарт екі данада;
- 3) жеке басын куәландыратын құжат, ал өкілі оның өкілеттігін дәлелдейтін құжат, сол сияқты жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алымды төлегендігі т у р а л ы құ ж а т .

Мүлік қайта кепілге қойылған жағдайда – алдындағы кепіл ұстаушылардың олардың хабардар екендігі және жылжымалы мүлікті қайта кепілге қоюға қарсылық білдірмейтіндігі туралы хаттары, сол сияқты төлем тапсырмасы болу қажет.

7. Өтініш өтініш берушімен өзі немесе өкілі арқылы тіркеуші органға ХҚО арқылы тапсырылады.

8. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге берілетін құжаттар тиісті дайындалған түрде ХҚО арқылы қабылданады. Тазартқан, қосып жазылған, сызып тастаған сөз және басқа да ескертусіз жасалған түзетулер қабылданбайды.

5. Тіркеу рәсімі мен мерзімі

9. Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезден ХҚО қызметкері өтініш иесіне осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысанда ұсынған құжаттарды алғандығын растайтын, күні, уақыты (сағаты, минуты) көрсетілген қолхат береді.

10. Қажетті құжаттарды алғаннан бастап тіркеуші орган:

1) міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге түскен өтінішті осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысанда құжаттарды есепке алу кітабына енгізеді және нөмір береді;

2) осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі тіркеліміне (соның ішінде компьютерлік базаға) кепілді тіркеу туралы өтініштен мәліметтер енгізеді. Тіркеу нөмірі ХҚО берілген тіркеу жылына және өтініш нөмірімен сәйкес келеді және сызықша арқылы жазылады.

Мысалы, 13/002020510775.

3) міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын тіркелген жылжымалы мүлік кепілін кепіл шартына осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысанда жылжымалы мүлік кепілінің тіркегендігін куәландыру штампын қояды;

4) өтініш беруші тұлғаға ХҚО арқылы осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысанда және тіркеуші органның белгісімен міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті береді, кепіл шарты көрсетілген, кепіл немесе келісім шарт туралы шарттың түпнұсқасын қайтарады.

11. Жылжымалы мүлік кепілі екі жұмыс күні ішінде тіркелуі тиіс.

12. Тіркеуші орган ұсынылған жылжымалы мүлік кепілі туралы шартты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 307-бабының талаптарына сәйкестігін тексереді.

13. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде жіберілген техникалық қателерді түзету мүдделі тұлғаның өтініші бойынша жылжымалы мүлік кепілі тізілімінің «айрықша белгілер» бағанасында, сонымен қатар кепілді тіркеу туралы куәлікте қосымша жазба енгізу арқылы жүргізіледі.

6. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін екінші деңгейдегі банктер арқылы электрондық тіркеу тәртібі

14. Жеке немесе заңды тұлғалар екінші деңгейдегі банкпен кепіл туралы шарт немесе кепіл туралы мәліметтер қамтылған өзге шарт жасасқан жағдайда, екінші деңгейдегі банк жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша келісімімен тіркеуші органның ақпараттық жүйесіне жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге арналған, кепіл ұстаушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтініш жібереді. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге арналған өтініштің мазмұны осы Заңның 9-бабының 2-тармағымен а й қ ы н д а л а д ы .

Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге арналған өтінішке кепіл беруші мен кепіл ұстаушының электрондық цифрлық қолтаңбаларымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жылжымалы мүлік кепілі туралы шарт немесе кепіл туралы мәліметтер қамтылған өзге шарт және жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың деректемелері туралы мәліметтер қ о с а б е р і л е д і .

Тіркеуші орган қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті алғаннан кейін және жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алымның төленгені туралы немесе алым төлеуден босатылғаны туралы растау тіркеуші органның ақпараттық жүйесіне келіп түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушының ақпараттық жүйесіне және кепіл ұстаушыға «электрондық үкіметтің» веб-порталына тіркеуші органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті не тіркеуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.

15. Жүргізілген тіркеу туралы ақпарат екінші деңгейдегі банктің және тіркеуші органның ақпараттық жүйелерінде сақталады және құжаттамалық растауды талап етпейді.

7. Жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеуден бас тарту

16. Жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеуден бас тартуға мыналар негіз болып т а б ы л а д ы :

1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 307-бабының талаптарына сәйкес келмейтін кепіл туралы шарт ;

2) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес келмейтін кепілді тіркеу туралы ө т і н і ш ;

3) осы Нұсқаулықтың 7-тармағымен бекітілген толық емес құжаттар тізімі.

17. Бас тартылған жағдайда тіркеуші орган заңнама талаптарының бұзылуына

сілтеме жасап, өтініш иесіне құжаттар қабылданған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде бас тарту себебін жібереді.

8. Тіркелген кепілдің әрекетін өзгертуді, толықтыруды және тоқтатуды тіркеу тәртібі

18. Тіркелген кепілдің әрекетін өзгертуді, тоқтатуды және толықтыруды тіркеу осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысанда ХҚО өтініш беру жолымен екі жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Өтініште бастапқы тіркелген кепілге сілтеме жасалып, кепіл туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар тіркелген кепілді тоқтату негізі сипатталуы тиіс (басқа тұлғаға меншік құқығының ауысуы, талап ету құқығы және тағы басқалары).

Өтінішке тіркелген кепілдің әрекетін өзгертуді, толықтыруды және тоқтатуды енгізетін кепіл туралы шарт екі данада (басқа тұлғаға меншік құқығының ауысуы, талап ету құқығы және тағы басқалары) ұсынылып, оның бірінші данасын тіркеуші орган өтініштегі мәліметтермен тексеріп тіркеу туралы белгімен ХҚО қайтарады.

19. Кепіл беруші болып табылатын республиканың басқа аумағынан қайта тіркелген заңды тұлға, сондай-ақ жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе резидент емес заңды тұлға кепіл беруші болып табылса, өтініш иесі тіркеу белгісі бар бастапқы кепіл туралы шарттың көшірмесін ұсынуы қажет.

20. Кепіл туралы шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанда кепіл ұстаушының жазбаша өтінішін және негізгі міндеттемені орындауды растайтын құжаттарын ұсынып, жылжымалы мүлік кепілі тізіліміндегі жазбаны жою арқылы тіркеу жүргізіледі, сондай-ақ жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік қайтарылады. Аталған мүлікке басқа кепіл ұстаушылар болған жағдайда оларды хабардар еткендігі туралы құжат ұсыну арқылы жазба жойылады.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін
тіркеу туралы нұсқаулыққа
1-қосымша
Нысан

тіркеуші органның атауы

Өтініш № _____

Кепіл беруші

Жеке тұлғаның Т.А.Ә., тұрған жері, туған күні және жылы;
Заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН)

Жеке басын куәландыратын құжаты: түрі _____ сериясы _____ № _____
берілді _____ берген күні _____
(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекен-жайы, телефоны _____
_____ атынан іс-әрекет етеді
(уәкілетті өкілдің деректері)
_____ негізінде
(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректері)

Кепіл ұстаушы

Жеке тұлғаның Т.А.Ә., және туған күні мен жылы; заңды тұлғаның атауы,
БСН: _____

Жеке басын куәландыратын құжаты: түрі _____ сериясы _____ № _____
берілді _____ берген күні _____
(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекен-жайы, телефоны _____
_____ атынан іс-әрекет етеді
(уәкілетті өкілдің деректері)
_____ негізінде
(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректері)

Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуіңізді сұраймын: _____

Шарт жасалған күні _____

Шарт жасалған жері _____

Кепілдің мәні туралы мәлімет (жылжымалы мүлік кепілінің сипаттамасы)

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы _____

Шарттың қолданылу мерзімі _____

Кепілге салынған мүлік кепіл берушінің _____ кепіл ұстаушының
_____ билігінде және пайдалануында қалады:

Оны қолданудың мүмкіндігі: Ия Жоқ

Қайта кепілге салу туралы мәлімет: Ия Жоқ (керек емесін сызып тастау)

Өтінішке қоса тіркеймін: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, кім және

қ а ш а н б е р д і)

1. төлегені туралы құжат: түрі _____ № _____ сомаға _____

2. _____

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қажет пе:
Ия Жоқ (керегі жоғын сызып тастау)

Өтініш берген күні: _____ 200 ____ ж.

Өтініш қабылданған күні: _____ 200 ____ ж.

Өтініш берушінің қолы: _____

Уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Тіркеушінің Т.А.Ә. және қолы _____

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін
тіркеу туралы нұсқаулыққа

2-қосымша

Нысан

Тіркеуші органның атауы _____

Қолхат

Өтініші бойынша құжаттарды қабылдау № _____ 200 ____ ж. « ____ » _____

Уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Қабылданған құжаттар тізбесі: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

1. Төлегені туралы құжаты: түрі _____ № _____ сомаға _____

2. _____

Қабылдаған: _____ Өтінішті толтырған күні _____

Өтінішті қабылдаған Халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің

Т.А.Ә. және қолы _____ 200 ____ ж.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін
тіркеу туралы нұсқаулыққа

3-қосымша

Нысан

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге түскен құжаттарды есепке алу кітабы

Өтініш №	Тізілім нөмірі	Күні мен уақыты (сағаты мен минуты) өтінішті қабылдаған қызметкердің қолы	Өтініш беруші ----- Жеке тұлғаның Т.А.Ә. тұрған жері, туған күні және жылы; заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы, БСН	Кепілдің мәні	Құжаттарды берген күні	Алушының қолы
1	2	3	4	5	6	7

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулыққа

4-қосымша

Нысан

П а р а қ

№

Тіркеу ісі № _____

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі

Жазба №	Тізілім №	Кепіл мәні	Кепіл ұстаушы	Кепіл беруші	Кепіл сомасы	Шарттың қолданылуы
			Жеке тұлғаның Т.А.Ә., тұрған жері, туған күні және жылы; Заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы, БСН	Жеке тұлғаның Т.А.Ә., тұрған жері, туған күні және жылы; Заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы, БСН		
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы:

Ауыртпалықтың туындауы		Ауыртпалықтың тоқтатылуы		Тіркеушінің ерекше белгілері
Құжаттың атауы және №	Күні мен уақыты (сағаты және минуты) тіркеу №; Тіркеушінің Т.А.Ә., және қолы	Құжаттың атауы және №	Күні мен уақыты (сағаты және минуты) тіркеу №; Тіркеушінің Т.А.Ә., және қолы	
8	9	10	11	12

Тіркеу парағын жабу/жалғастыру туралы жазба

--	--	--	--	--

Тіркеу парағын жабу/ жалғастыру үшін негіздеме	Орны ауыстырылған (жапқан кездегі) жазбалардың немесе соңғы жазбалардың жалғастырған кездегі тізбесі	Парақ нөмірі (жалғастырған кездегі)	Күні, уақыты (сағаты және минуты)	Тіркеушінің Т.А.Ә. және қолы

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін
тіркеу туралы нұсқаулыққа
5-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Тіркеу органының атауы _____

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

200__ ж. «__» _____ № _____

Берілді _____

кепіл ұстаушының немесе кепіл ұстаушының уәкілетті өкілінің деректері

Жылжымалы мүлікке қатысты:

Мүліктің түрі	Тізілім нөмірі	Кепіл мәнінің сипаты	Құрамдастар саны	Құны	Ескертпе

кепілдің тіркелгеніне дәлелдеме ретінде

_____ тіркелген _____ кепіл затына

тіркелген күн _____ кепіл затын сипаттау

Кепіл ұстаушының құқығы _____
жеке тұлғаның Т.А.Ә., тұрған жері, туған күні және жылы

Заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы және БСН

Кепіл мәніне _____ кепіл мәнінің сипаты

Кепіл туралы шарттың негізінде туындады _____

Шарт жасалған күні

Тіркелген _____ және мынадай негізгі шарттарды қамтиды:

тіркелген күні және нөмірі

негізгі міндеттемелердің мөлшері, орындау мерзімі және кепілдің басқа шарттары
Кепіл берушінің _____ құқығы _____
күні _____ құқық түрі жеке тұлғаның Т.А.Ә., тұрған жері, туған _____ және _____ жылы

Заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы және тіркеу нөмірі
расталды _____

кепіл мәніне құқығын белгілеуші құжатының атауы,
қабылдаған күні, тіркеу нөмірі және күні

Тіркеуші _____ қолы
Т . А . Ә .

Басшысы _____ М.О. _____ қолы
Т.А.Ә.

Е с к е р т п е

1. Осы куәлік кепіл өтелген кезде тіркеуші органға қайтарылуы тиіс.
2. Куәлік жоғалған (бүлінген) жағдайда құқық иесі куәліктің жоғалған (бүлінген) себебін көрсетіп, тіркеуші органға өтініш беруге міндетті.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін
тіркеу туралы нұсқаулыққа

б-қосымша

Нысан

Мөртабан үлгісі:

**Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілін тіркегендігін куәландыру үшін
мөртабан**

----- (тіркеуші органның атауы)	
Өтініш № _____	Өтінішті _____ қабылдаған күні және уақыты _____
Тізілім № _____	Тіркеген күні _____
Тіркеуші _____	Қолы _____
Басшысы _____	Қолы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК